



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

**ВУЃУ коллекциялық монеталарының сатыла бастауы және
Қазақстан Ұлттық Банкінің интернет-дүкенінің жұмысындағы кейбір өзгерістер туралы**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 19 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) **2021 жылғы 22 қарашадан бастап** «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» монеталар сериясынан ВУЃУ коллекциялық монеталарының сатыла бастайтыны туралы хабарлайды.

Номиналы 500, 200 және 100 теңгелік монеталар www.kazcoins.nationalbank.kz платформасында ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылатын болады.

ВУЃУ коллекциялық монеталары туралы

Бұғы – көшпенділердің наным-сеніміндегі киелі жануарлардың бірі. Ежелгі түркілер бұл тотемді өзінің арғы тегі деп түсінген және олар үшін тегін жалғастыру символы болған.

Монеталардың толық сипаттамасын ҚҰБ сайтында «Басылымдар мен зерттеулер» - [«Баспасөз релиздері»](#) бөлімінде көруге болады.

Бұл ретте, ҚҰБ интернет-дүкенінің жұмысындағы кейбір өзгерістер туралы хабарлаймыз:

- 1) интернет-дүкен күн сайын жұмыс күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін жұмыс істейді;
- 2) монеталарды бір адамға сатып алуға шектеулердің қолданылу уақыты ұлғайтылды – әрбір жеке түрдегі/атаудағы монеталарды сатып алған кезде оларды қайта сатып алу күнтізбелік 3 күннен кейін қол жетімді болады;
- 3) Қазақстан Республикасы бойынша жеткізуге арналған жаңа, бірыңғай тариф: 1 кг дейінгі жіберілімдер – 1800 теңге;
- 4) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Е-Рау жүйесінде тапсырысқа 20 минут ішінде ақы төленуі тиіс.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz